

Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі Торайғыр ауылының Қайыңды көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 1-03/09 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 сәуірде № 6293 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Баянауыл ауданы Торайғыр ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 9 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Торайғыр ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданы Торайғыр ауылдық округі Торайғыр ауылының "Қайыңды" көшесі "Қабиден Әубәкіров" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

А. Абраров